

## **Алматы мемлекеттік тарихи-сәулет және мемориалдық қорығын ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 25 қараша 1993 ж. N 1182

Қазақстан Республикасының "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" Заңының 37-бабын негізге ала отырып, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Алматы қаласының Төле би - К. Маркс - Гоголь - Зенков көшелерінің шектескен аумағында орналасқан тарихи-сәулет ансамбль Алматы мемлекеттік тарихи-сәулет және мемориалдық қорығы болып жариялансын.

Аталған қорық құрамына 28 Гвардияшы-панфиловшы батырлар атындағы гүлзар, Даңқ мемориалы, Кафедралық собор (Қазақстан халықтарының қолданбалы өнер мұражайы), Офицерлердің әскери жиналыс үйі (Ықылас атындағы халық саз аспаптары қоражайы, Зенков көшесі, 24), Генерал-губернатор үйі (Алматы әскери госпиталі, Қазыбек би көшесі, 22), Ерлер гимназиясының ғимараты (Қазақ мемлекеттік театр және кино институты, Қазыбек би көшесі, 28), Верный гимназиясы пансионның ғимараты (Республикалық балалар кітапханасы, Ленин даңғылы, 15), Қыздар гимназиясының ғимараты (Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің оқу үйі, Төле би көшесі, 31), Ерлер гимназиясы директорының үйі, кейіннен мемлекет қайраткері, академик С. Аспендияров тұрған үй (Түрік Республикасының елшілігі, Төле би көшесі, 29), Верный қалалық төрт кластық бастауыш училищесінің ғимараты (Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі, Гоголь көшесі, 37), кезінде Қазақстандағы Әміре Қашаубаев атындағы музыкалық мектеп орналасқан Пушкин қыздар училищесі (қалалық санэпидемстанциясы, Гоголь көшесі, 45) енгізілсін.

2. Алматы мемлекеттік тарихи-сәулет және мемориалдық қорығы аумағында жаңа құрылыс жүргізуге тыйым салынсын. Қорық аумағында орналасқан ескерткіш болып саналатын барлық ғимараттарды жөндеу, жаңарту, пайдалану Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің келісімімен жүргізілсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі екі ай мерзім ішінде Алматы мемлекеттік тарихи-сәулет және мемориалдық қорығы туралы Ереже әзірлеп бекітетін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК